

ЗАҢ ТЕРМИНДЕРІНІҢ НЕГІЗГІ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

А.Е.Баербекова, аға оқытушы

Қазтұтынуодағы Қарағанды университеті, Қарағанды қ.

Терминология мәселесі тек тіл білімінің ғана емес, сонымен қатар басқа ғылым салаларының зерттеу нысанына айналған ортақ мәселе болып табылады. Заң тілінде де терминология көкейкесті мәселелердің бірі. Заң мен құқық қоғамдық қатынастарды нақты әрі терең қадағалап отыратындықтан, заң терминологиясы да соншалықты нақты әрі анық, құқықтық ұғымды дәл, түсінікті білдіруі тиіс. Заң терминологиясының дамуы сол мемлекеттің құқықтық мәдениетінің қаншалықты дамығандығын көрсетеді. Заң жүйесінің жасалып дамуы құқықтық ғылымның кең дамуына әсер етеді. Белгілі тіл маманы А.А.Реформатский жалпы терминнің басты белгілеріне тоқталады: «термин емес сөздердің мағынасы контексте ашылу керек те, ол термин сөздер контексте тәуелді емес. Термин сөздерге көп мағыналылық, экспрессия жат» - дейді [1, 46-54]. С.Ақаев термин жасауға қатысты туатын талаптарды атап көрсетеді. 1. термин жасауға қатысты туатын әлеуметтік мүдде; 2. термин жасауға қатысты тіл мүддесінен туатын талаптар; 3. термин жасауға қатысты ғылым мүддесінен туатын талаптар деп, әлеуметтік мүддеге: терминнің әлеуметтік маңызы, терминнің түсінікті болу шарты, қолданыс аясы туралы, терминнің уәжді болу шарты, терминнің шарттылығы туралы мәселерді жатқызады. Ал тіл мүддесіне туатын талаптарға: тілдің, тіл сөздерінің өзара жүйелілікте болу мүддесі, тіл сөздерінің, олардың ұғымдық әлеуеттерінің айналысқа түсу мүддесі жайлы мәселелерді қарастырса, ғылым мүддесінен туындайтын талаптарға: терминнің қысқалық әрі нұсқалық сипаттары туралы, бейнесіздік және сезімсіздік сипаттары, ғылым түсінігін басқа тілде атаудың жасампаздық сипаты деген мәселердің басын ашып көрсетеді [2, 227]. «Термин саналы және кәсіби түрде жасалатындықтан және осы себепті, онда синонимдік, көпмағыналылық, сезімділік сияқты құбылыстар аз болатындықтан, оның дәлдігі, қысқалығы жоғарырақ болуы шарт» [2, 189] деп терминнің қысқа әрі нұсқалылығы туралы айтады.

Заң терминдерінің негізгі белгісі – оның жалпы таралымдылығы (общераспространенность). Заңға барлық қоғамдық қатынастар жүгінеді. Сондықтан да нормативтік акті де, тұрмыстық лексика да, әр түрлі қызмет көрсетулер, түрлі ғылым салалары заңмен тығыз қарым-қатынаста болады. Сол себепті де заң терминдері барлық қоғамдық салаларда қолданылады.

Осы айтылған мәселелерден келіп, заң терминдеріне мынадай талаптар қоямыз:

1. **Заң терминінің нақтылығы, бірмағыналылығы.** Құқықтық ұғымдарды беруде терминнің нақтылығы, бірмағыналылығы деген

сипатының болуы – негізгі талап. Заңда термин көп мағыналы, синонимдері көп болмауы қажет.

2. **Заң терминдерінің тура мағыналылығы.** Заң терминдері жалпы жұртқа таныс болуы және өзінің тура мағынасында қолданылуы – негізгі шарттардың бірі. Жалпы терминдерді, оның ішінде заң терминдерін ауыспалы мағынада қолдануға болмайды. Өйткені заң әрқашан нақтылық пен дәлдікті талап етеді.
3. **Заң терминдерінің қарапайымдылығы және түсініктілігі.** Заңда алдымен, тілге жеңіл, іс жүзінде терең қолданысқа түскен, актив терминдерді қолданған жөн.
4. **Заң терминдердің қазіргі тұрмысымызға, заманымызға сай келуі.** Әдеби тілдегі пассив қолданысқа түскен және көнерген сөздер мен сөз тіркестерін қолданыстан шығарып, оны жаңа терминдермен алмастыру керек. Бірақ кейде жаңа ұғымға термин таба алмай жатқан кезде, көнерген сөздер мен архаизмдердің кейбірін қолдануға болатын сияқты.
5. **Заң терминологиясының тұрақтылығы.** Дәстүрлі, бәріне түсінікті, жалпы қолданысқа енген терминдерден бас тартуға болмайды. Тіл қабылдай алмайтын шамадан тыс неологизмдер мен модернизмдерді қолдану заңнама тілін күрделендіреді және құқықтық актілерді түсінуде, қолдануда қиындық туғызады. Нормативтік актілерде кеңінен қолданылатын заң терминдері заң тіліне және адамдар санасына берік еніп, терминді қолданушылар біртіндеп үйреніп кетеді. Бір терминді екінші терминмен алмастыруда көптеген олқылықтар кездесіп жататыны белгілі. Сондықтан нормативтік актіге өзгертулер мен толықтырулар енгізгенде абай болу керек.
6. **Заң терминдерінің дыбыстық үйлесімділігі мен стилистикалық дұрыстығы.** Заң терминдері күнделікті қолданысқа еніп, оның дыбысталуы айтуға қолайлы, икемді, естуге жағымды болғаны жөн.
7. **Екі немесе одан да көп сөздерден құрылған термин-аббревиатураларды және қысқарған сөздердің қолданылмауы.** Заңнама тілінде көптеген қысқарған сөздер кездеседі: АХАЖ бөлімі, МАИ. Сөздерді қысқарту тілді үнемдеуге ықпалын тигізетіні мәлім, алайда заң терминдерінің негізгі белгілері, жоғарыда атап өткендей, түсініктілігі, нақтылығы, халыққа таныс актив сөздерден құрылатындығы.
8. **Түбірлес терминдердің қолданылуы.** Терминологиялық бірлікті қалыптастыруда құқықтық ұғымдардың мүмкіндігінше түбірлес, мағынасы жақын сөздер болғаны ыңғайлы. Негізгі ұғымды білдіретін сөзге байланысты заттар және құбылыстар түбірлес терминдермен берілгені дұрыс. Мұны терминологиялық жүйелілік дейміз. Мысалы, «сот» сөзінен «сотталған адам», «құқ/хұқ» сөзінен «құқық», «құқықты», «құқылы» т.б.
9. **Заң терминдерінің қысқалығы әрі нұсқалығы.** Бірнеше сөз тіркесіп келген термин сөздер қолдану кезінде қолайсыздық тудырады.

Сондықтан, заң терминдері ықшамдылықты талап етеді. Яғни, термин сөздер үнемді сөздермен берілуі тиіс. Термин қысқа болса, ол әрі нұсқа, түсінікті, нақты болатыны сөзсіз. Бірақ бұл термин бір ғана сөзден тұруы керек деген қатып қалған қағида емес.

Қорыта келгенде, басқа сөздерге қарағанда, терминдер, оның ішінде заң терминдері нақты, яғни беретін ұғымын дәл, айқын білдіруі тиіс. Олар барынша ықшам, тұрақты, тілге жеңіл, дыбысталуға қолайлы, құлаққа жағымды болуы керек. Құрылымдық жағынан алғанда олар екі не одан да көп сөздерден құрылады. Олар бөлшектенбейтін мағыналық бірлікті білдіріп, бір-біріне қолданыс таппайды. (Мысалы: заңдық тұлға, қылмыстық ниет, заңдық жоба, авторлық құқық т.б.). Басқа ғылым саласындағы терминдерге қарағанда, заң терминдері қоғамдық қатынастар өзгерген сайын, олар да барынша өзгеріске ұшырайды. Заң терминдері әрдайым даму үстінде болатындықтан, заңнаманың сөздік қоры мен құрамы да өзгеріп отырады. Осыған орай, заң терминдеріне қойылатын «тұрақтылық» талабы кейде орындалмай жататыны осыдан деген ой туындайды. Тағы бір ерекшелік, заң терминдерінің басқа терминдерге қарағанда бір түбірден барынша көп дамуында. Мысалы: айып→айыпкер, айыпталушы, айып тағылды, айыпталды; заң→заңгер, заңнама, заңи, заңшы; дау→даугер, даулас, даушы, дауласушы т.б.

Заң терминдері құқықтық ортаға тәуелді болады, өйткені бұлар бір-бірімен тығыз байланысты. Ал нағыз заңгер осы ортаның мән-мағынасын түсіндіру үшін арнайы құқықтық ұғымдарды белгілі бір терминдермен береді. Т.В.Губаеваның сөзімен айтсақ: «Юридическое мышление всегда выражается в языке – «по необходимости сложном и риторическом», так как требуется точно передать многие детали и подробности человеческих отношений, указать путь к справедливому разрешению споров с учетом жизненно важных интересов личности и общества в целом. По сути, в юридическом языке должна быть зафиксирована вся профессиональная картина мира – «правовая система в форме общих принципов, а также общих и специальных понятий, находящихся в определенном подчинении друг другу» [3,15]. Осыдан келе, заң терминдерінің тағы бір ерекшелігін байқаймыз. Заң терминдері басқа салалық терминдерге қарағанда, қоғамдағы адаммен, оның тұрмыс-тіршілігімен және тілмен өте тығыз байланыста болады. Бұдан шығатын қорытынды, заң терминдері қоғам, адам және тілсіз өмір сүре алмайды.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Реформатский А. Что такое термин и терминология? // Вопросы терминологии. М., Изд-во АН СССР., 1961, С. 16-54.
2. Ақаев С. Терминнің танымдық табиғаты. Алматы:Арыс, 2001. – 227 б.
3. Т.В.Губаева «Язык и право. Искусство владения словом в профессиональной юридической деятельности» М, Норма, 2007. – 160с.